

«Бекітемін»
Жем қаласының № 5 ЖББОМ
директоры А.А. Жакасов
«_» _____ 2023 жыл

**Жем қаласының № 5 жалпы білім беретін орта мектебінің
«біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 4 сыныптың тәрбие жоспары**

2023 – 2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жанғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы индикаторлары:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қаірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой аланы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1қыркүйек -Білім күні,сынып сағаттары
- 5қыркүйек -А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама ҚожаАхмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің XXғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматургЖазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірімекені»	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Сынып жетекші	01.09 2023ж.
2	«Мектеп–мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.09 2023ж.
3	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.09 2023ж.
4	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынап сағаты	Сынып жетекші Қалалық кітапхана	22.09 2023ж.
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР				
1	Отбасылық дәстүрлер	Сыныптан тыс шара	Ата-әжелер	
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Отбасы құндылығы- сарқылмас қазына»	Дөңгелек үстел	Ата-аналар қоғамы	

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақжазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақ ақындарының бірі,фольклоршы,ғұлама ғалымМәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына165жыл
- Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композиторШәкәрімҚұдайбердіұлыныңтуғанына165жыл
- Қазақтыңкөрнектіжазушысы,драматург,публицист,қазақәдебиетінқалыптастырушылардыңбіріЖүсіпбекАй мауытовтыңтуғанына135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыны Торайғыровтың туғанына130жыл
- Ақын,жазушы,көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына130жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Бір отбасы–бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобас)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Әменова Д	06.10.2023 тс.

2.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Абдыкалыков Н	13.10.2023ж.
3.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Әменова Д	20.10.2023ж.
4	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Мамытова Б	27.10.2023ж.
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР				
1	«Денсаулықтың 6 шарты-таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл күй, күйзеліске түспеу.	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші Калиева О	
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» (Ата-аналар мектебі)	Дөңгелек үстел	«Әкелер» мектебі	

ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Өкеге-ізет, анаға –құрмет» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Абдыкалыков Н	01.11.2023 ж.
2.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сыныпсағаты	Сынып жетекші Абдыкалыков Н	17.11.2023 ж.
3.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сыныпсағаты	Сынып жетекші Абдыкалыков Н	24.11.2023 ж.
4.	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған Жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші аналар мектебі	
СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАР				
1.	«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»	Сыныптан тыс шара жоспары	Сынып жетекші	
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Ата-ананың өмір жобасы-бақытты адам»	Дөңгелек үстел	Ата-аналар мектебі	

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталуысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Өлкетану мұражайы	01.12.2023 ж.
2.	«Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Карагулова А	08.12.2023 ж.
3	«Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.12.2023 ж.
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1.	«Үнемі оқитын адам-табысты адам» (Балалар кітапханасы) жобасы	Кездесу	Сынып жетекші Әменова Д	
СЫНЫПТАН ТЫС ІС- ШАРАЛАР				
1	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» (Жеткіншектің Жеті жарғысы	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші Мамытова Б	

ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚ КОД»айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Б.С.Мамытова	12.01.2024
2.	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Кітапханашы Д.С.Әменова	19.01.2024
СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАР				
1	«Ұрпақ болашағы – ұстаздан»	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	26.01.2024
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Үйрен жақсы әдептен» (Ата-аналар мектебі) жобасы)	Ата-аналар Кездесу	Сынып жетекші	

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Кітапханашы Д.С.Әменова	02. 02.2024
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Б.С.Мамытова	09. 02. 2024
3	«Имандылық жарасады ұл-қызға»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	
СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАР				
1	«Қазақстан-біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» (Жеткіншектің Жеті жарғысы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	16. 02. 2024
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
2	«Қыз намысы-ұлт намысы» (Ата-аналар мектебі) жобасы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	23. 02. 2024

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1наурыз–Алғыс айту күні
- 8наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы
- 27наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Бәрі де, Ана, бірөзіннен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)		Сынып жетекші	07.03.2024
2.	«Адалдық-Адамдықтың белгісі»		Сынып жетекші	15.03.2024
3	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы)		Сынып жетекші	
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1.	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» (Еңбегі адал жас өген) жобасы		Сынып жетекші	29.03.2024
3	«Ізгілік бір ізі-алғыс айту		Сынып жетекші	
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Отбасылық таланттар» (Ата-аналар мектебі) жобасы		Сынып жетекші	

➤ 12сәуір -Ғылымкүні

№	Іс-шаранын атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Жоба жетекшісі Б.С.Мамытова	5.04.2024
2.	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Аналар мектебі Г.Т.Касымова	12.04.2024
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
3	«Сәлем сөздің патшасы»	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	19.04.2024
4	«Табиғат тамашалары»	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	
5	«Сөз қадірі-өз қадірің» (Жеткіншектің жеті жарғысы)	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	26.04.2024
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Оқырмандар отбасы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші	

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 ж
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Іс-шараның атауы	Ақтау нысаны	жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Б.С. Мамытова	03.05.2024
2.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Б.С. Мамытова	10.05.2024
3.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	Сынып сағаты	Сынып жетекші Д.С. Әменова	17.05.2024
4	«Ұлағатты ұлттық ұғымдар»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24.05.2024